

Күздік егісті ойдағыдай аяқтайық

Қазақ ССР Халық Комиссарлары кеңесі мен ЧК(б)П Орталық Комитеті күздік егістің қарқынын неғұрлым шейтіп, оны тез аяқтау мақсатын республикамыздың батыс және түстік-шығыс облыстарында күз егуді аяқтау жөнінде августтың 25-не дейін майдандық онкүндік жүз жөнінде арнаулы қаулы алған батын. Республиканың, оңтүстік және солтүстік-шығыс облыстарында, оның ішінде біздің облыстың жаздары жұмыстың қарқынын бынша күшейтіп, бұл онкүндік кезеңде күздік егіс планын сан-сапанынан толық орындауға, ол үшін қуатты шын мәнісінде жұмысқа тиіс еді.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы жаздары, МТС пен совхоздары күз егудің шын мәнісінде қарқынды болып, қара бидайды ағаш сия ғылымды белгілеген мезгіл-септі. Узлы көл және Мамлют жаздарының жұмысшылар қол-пиви күздік егуде жұмысты жақ-ұйымдастырып, белгіленген пра-тін, күнбе-күн толық және арты-ен орындалуы үшін барлық күш-рін жұмсады. Осының нәтиже-сі бұл совхоздар күздік егіс пла-ны майдандық онкүндік кезінде орындалып, егіннен соғыс уақы-ты талабына лайық неғұрлым өнім алудың ең негізгі шартта-ры бірін орындады. Коновалов жазында күздік егу жұмысының маңызы майдандық онкүндік кезін-барынша күшейді. Колхозшылар күз егісті егін жыйнау, мемлекетке қуатты тапсыру, құнарлы мал азығын жасау жұмыстарымен ұштас-ты жүргізді. Осының нәтижесінде жаздың қамтуындағы барлық кол-хоздар күздік егісті дер кезінде аяқ-майдаңдық онкүндіктің талабын-тіксіз орындады.

Облысымызда күздік егу жұмысы майдандық онкүндік кезінде аяқта-луға тиіс еді. Бірақ айта кету керек, бұл шарт орындалмады. Жұмыстың, қазіргі қарқынын қанағаттанарлық-деп айтуға болмайды. Күздік егіс-планы облысымызда небәрі 36,9 про-цент орындалды. Бұл маңызды жұ-мыста әсіресе Приешім, Совет, Ле-нин, Полудень аудандары кешіргісіз артта қалып отыр. Бұларда егіс пла-ны 15,6—24,7 процент ғана орындал-ды.

Күздік егу жұмысы әсіресе совхоз-дарда айтарлықтай емес. Қыялы жә-не Шағлы астық совхоздары бұл жұмысты әлі кешейтіндей отыр. Бұл совхоздарда егіс тұқымы да, жұмысшы күші де, машина-сайман-дар да толық жеткілікті. Күздік егіс-ті мезгілінде аяқтауға бұларда мүм-кіндік мол. Бірақ совхоздардың бас-шылары жұмысты шын мәнісінде ұйымдастыра алмай отыр. Осының салдарынан күздік егіс планын Қы-ялы совхозы 18 процент, Шағлы совхозы 28 процент ғана орындады. Күздік егіс жұмысын осыншама қа-уіпке ұшыратқандығы үшін өздері-нің отанымыз бен майдан алдында тікелей жауапты екендігін бұл сов-хоздардың басшылары ұғына ма екен?

Күздік егу жұмысы қарқынын мұншама кешіргісіз баяу болуына ең негізгі себеп—кейбір колхоз, сов-хоз басшыларының бұл жұмысқа же-те маңыз бермей, «ең әуелі егін жый-нау жұмысын аяқтайық, күздік егіс-ке үлгіреміз ғой» деген ниетке са-лынғып, жұмысқа кезек күттіріп отырғандығында болып отыр. Бұл сыяқты елеулі кемшіліктер іс үстін-де дереу жойылуға тиіс.

Күздік егістің қарқынын мейлін-ше күшейте отырып, бұл маңызды жұмысты қысқа мерзімде ойдағы-дай аяқтайық.

Ішкі Грузинова жолдастың жұмыс тәжірибесі туралы

ЧК(б)П Солтүстік Қазақстан обкомі бюросының 1943 жылғы 23 августағы қаулысы

ЧК(б)П обкомі үгітші қызметіне жіберген завод қызметкері (директоры ков жолдас), ЧК(б)П мүшесі Н.В. Грузинова жолдастың партия-көпшілік жү-ріс дұрыс ұйымдастырып, колхозшыларды Қызыл Армия жауынгерлерінің қа-ндық істері рухында тәрбиелегендігін, оларды советтік патриотизм сезімінде жа-уға хасиетті өшпенділік сезімінде тәрбиелегендігін, өзінің еңбектегі ерлік істері мен «Свободный труд» колхозының (Мамлют ауданы) өзіне бекітілген 1-бри-гада жоғары еңбек өніміне ие болғандығын атап көрсетіп, ЧК(б)П обкомының сы қаулы етеді:

1. ЧК(б)П аудандық комитеттері, бастауыш партия ұйымдары 1 сентябрьге үгіт коллективтерінің басшылары мен үгітшілердің семинарларын өткізіп, үгітші Грузинованың 22 августа «Ленинское знамя» газетінде жарияланған іс тәжірибесін (А. Кияница жолдастың «Үгітші Грузинова» деген мақаласы) алға, сондай-ақ, колхоз, совхоздарда егін жыйнауға жұмыс істеуші тандау-гітшілердің іс тәжірибесін қорытып, осының негізінде колхозшылар, МТС, өз жұмысшылары арасында саяси-көпшілік жұмысын барған сайын жақсарту егін жыйнау жұмыстарында еңбек өнімінің арттырылу ісіне жетісуге міндет-ті.

2. Мамлют ауданындағы «Свободный труд» колхозының 1-бригадасында пар-тия-жұмысты жақсы ұйымдастырғаны үшін Грузинова жолдасқа кейлектік ме-де, туфля және саяси-әдебиет кітаптары сыйлыққа берілісін.

ЧК(б)П обкомының секретарі В. НИКОЛАЕВ.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ЕГІН ДАЛАСЫНДА

ЧКАЛОВТЫҚТАРҒА ЖАУАП

Чкалов облысының комбайнерлері мен трактористерінің Советтер Сою-зының барлық комбайнерлері мен трактористеріне жазған үндеуін Со-вет ауданындағы Қыялы астық сов-хозының комбайнерлері мен тракто-ристері өңірлік зор өрлеумен қар-сы алды.

Қазір совхоздың комбайнерлері мен трактористері Бүкілсоюздық со-циалистік жарысқа жаппай ұшта-сып, чкаловтықтардың үндеуіне іс-пен жауап беруде. Комбайнерлер Булавкин және Пепренко жолдастар-дың комбайн агрегаты совхоз көле-міндегі ең озат агрегат. Агрегат мү-шелері 7 күн ішінде 370 гектар егін жыйнап, едәуір жанармай үнемдеді. Булавкин және Пепренко жолдас-тар екі «Сталинец» комбайнымен норма бойынша күн сайын 30 гектар

орнына әрдайым 40 гектар аланның егінін жыйнап, жанармайдың 10 про-центін үнемдейді.

Совхоз партия ұйымының секрета-рі Бобашкин жолдас чкаловтықтар-дың хатын барлық комбайн агрегат-тары мен трактор отрядтарында тал-қылап, озаттардың іс үлгісін көпші-ліктің игілігіне айналдыру үшін күш жұмсауда. Чкаловтықтардың үнде-уін жете талқылағаннан кейін совхоз комбайнерлері мен трактористері Бү-кілсоюздық социалистік жарысқа жаппай ұштасып, комбайн және трактормен істелетін жұмыстардың жылдық планын толық орындауға, егін жыйнау маусымында жұмса-луға тиісті жанармайдың ең кем деген-де 10 процентін үнемдеуге міндетте-ме алды.

Е. КАРАВАЛИН.

Егіннің теңжартысын орып болды

Көкшетау ауданындағы «Север-ный маяк» ауылшаруашылық артелі-нің (председателі Гаража жолдас) мүшелері егін жыйнау жұмысының алғашқы күнінен бастап өзара социа-листік ықарысты пәрменінше өрістет-ті. Сөйтіп майдандағыша жұмыс іс-теуде.

Еңбектің ойдағыдай ұйымдасты-рылуы нәтижесінде озат колхозшы-лар қатары көбейде. Мәселен, Ше-лев жолдас егінді шөмелелеуде жұ-мыс істеп, күнделікті тапсырмасын әрдайым 115 процент орындайды.

Мәликов, Иманбердин және Беликов жолдастар лобогрейкамен егін оруды нормаларын күн сайын 130 процент орындайды. Олардың іс тәжірибесі басқалардың игілігіне айналуда.

Бұл колхоз егін жыйнауа аудан көлеміндегі озат колхоздардың бірі болып саналады. Қазір колхоз жал-пы егіннің 50 процентін орып болды. Колхозшылар мен колхозшы әйел-дер астықтың бір дөнінде ысраппа ұшыратпай жыйнап алу үшін аянбай еңбек істеуде.

Р. АСАНОВА.

Міндеттеме орындалды

Совет ауданындағы Чағлы МТС-ның комбайнері Демиденко жолдас социалистік жарысқа ұштасып, «Ста-линец» комбайнымен егін жыйнауа тапсырманы 200 процент орындап жүр. Ол жанармайдың, 10 процентін үнемдеуге міндеттеме алған бола-тын. Бұл міндеттемелерін аброймен орындауда.

Демиденко жолдастың басқаруын

дағы агрегаттың мүшелері қажырлы еңбек істеп жүр. Олар соңғы аптада 98 гектар егін орды. Жұмыстың са-пасы өте жақсы. Сөйтіп жұмыс нор-масын 155 процент орындады.

Агрегат мүшелері егін жыйнауа стахановша еңбек істеп, социалистік жарықта озып шығу үшін барлық күш-жігерлерін жұмсауда.

Б. АСҚАРОВА.

Астық дереу дайындау пунктіне тапсырылсын

Чкалов ауданындағы «Тапшыл» колхозында (председателі Шахманов жолдас) 221 гектар аланның егін орылып, мұның 128 гектары майла-нды.

Бірақ егін жыйнау және мемлекет-ке астық тапсыру жұмыстарының алғашқы күндерінде едәуір елеулі кемшіліктер болды. Егін оратын ло-богрейкалармен тәуліктік график орындалмады. План бойынша күні-

не лобогрейкамен 40 гектар аланның егінін ору керек еді. Бірақ ол юсы күнге дейін 20 гектардан асқан емес. Егін ору және мемлекетке ас-тық тапсыру жұмыстарының арасын-да алшақтық бар.

Колхоз басқармасы алғашқы күн-дері кездескен кемшіліктерді іс үс-тінде дереу жойып, егін жыйнау жә-не мемлекетке астық тапсыру жұ-мыстарын бар пәрменінше өрістетуге міндетті.

М. ЕРКЕБҰЛАНОВ.

МАЙДАНДЫҚ ОНКҮНДІКТЕ

Батыс Қазақстан облысының кол-хоздары быйыл былтырғыдан 100 мың гектар күздікті артық себеді. Майдандық онкүндіктің алғашқы екі күні ішінде 5.392 гектар күздік се-білді. Зеленов ауданында 650 гектар жерге тұқым себілді. Каменскі аудан-ының колхозшылары күздік егісті ойдағыдай өткізу үшін екпінді бри-гадалар құрды.

Семей облысы, Новошұльба аудан-ы

ның Кириов атындағы колхозы ауылшаруашылық құрал-сайманда-рын ремонттап, егістік жерді дайын-дап алды. Қазір график бойынша кү-ніне 20 гектар жерге егін егудің ор-нына 25 гектардан егін егеді. Күздік егіске бөлінген тракторлар жер-жырты, тырмалау, тұқым себу жұ-мыстарын бар пәрменінше өрістетуге мыстарын бірден жүргізеді. Норма-ны 4 гектардың орнына агрегат күні-не 5 гектар жерге тұқым себеді.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

24 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 августа ХАРЬКОВТЫҢ солтүстік-батыс және оңтүстік іында шабуыл жасаушы әскерлеріміз алға басып, өздерінің зияларын жақсартты.

Донбасста, ИЗЮМНІҢ оңтүстік жағындағы және ВОРОШИ-ВГРАДТЫҢ оңтүстік-батыс жағындағы аудандарда әскерлері-з дұшпанға қарсы ойдағыдай ұрыстар жүргізуде болды, сөйтіп рнеше елді пункттерді алды.

Басқа майдандарда әскерлеріміз жауынгерлік барлау жүргі-п тұрды және дұшпанмен екі арада артиллерия-миномет атысы ылып тұрды.

23 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 77 анкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артилле-иясының оғымен дұшпанның 106 самоләті атып түсірілді.

25 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

25 августа әскерлеріміз ХАРЬКОВТЫҢ солтүстік-батыс жа-ындағы ауданда шабуылды күшейте отырып, 60тан аса елді унктті, оның ішінде ЗЕНЬКОВ қаласын алды. Бірнеше рет қол-ан-қолға көшкен АХТЫРКА қаласын қатты ұрыстардан кейін ьскерлеріміз қайтадан алды.

Донбасста, ИЗЮМНІҢ оңтүстік жағындағы және ВОРОШИ-ЛОВГРАДТЫҢ оңтүстік-батыс жағындағы аудандарда әскерлері-міз дұшпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, шабуылды ұрыстар жүргізуде болды және тағы да бірнеше елді пункттерді алып, өздерінің позицияларын едәуір жақсартты.

24 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 104 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит ар-тиллериясының оғымен дұшпанның 98 самоләті атып түсірілді.

Харьковтың солтүстік-батыс жа-ғында әскерлеріміз шабуылды ойда-ғыдай күшейтіп, 60тан аса елді пун-ктті, оның ішінде Зеньков қаласын алды. Бұл пункттер үшін ұрыстарда немістердің 1000нан аса солдаттары мен офицерлері жойылды, жаудың 17 танкі өртелді, қыйратылды.

Харьковтың батыс жағында Н. құрамасының жауынгерлері ұрыс са-ла отырып, алға басты және дұшпан-ның 31 танкін, 4 бронемашинасы мен өздігінен жүретін 15 зеңбірегін жойды. Жаудан түрлі калибрлі 18 зеңбірек, оқ-дәрі склады және көп-теген атыс қару-жарағы қолға түсі-рілді.

Харьковтың оңтүстік жағында дұшпан мина аландарын бүркемеле-ніп, қатты қарсылық көрсетуде және оқтың-оқтың қарсы атакаға шығуда. Гитлершілдердің қарсы атакаларын тойтарып, әскерлеріміз алға басты, сөйтіп қолайлы позицияларды алды. Бір күнді ұрыстарда немістердің 800 солдатты мен офицері, 5 танкі және өздігінен жүретін бірнеше зеңбірегі жойылды. Дұшпаннан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Донбасста, Ворошиловградтың оң-түстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізді. Дұш-пан танктерінің ірі күшін алып кел-іп, таң алдында бөлімдерімізге қар-сы атака жасады. Совет жауынгер-лері батыл соққы беру арқылы неміс-терді қуып тастады және алға баса отырып, бірнеше елді пункттерді ал-ды. Жаудың 1000дай солдаттары мен офицерлері жойылды, неміс-тердің 22 танкі, түрлі 16 зеңбірегі қый-ратылды, өртелді және 130 пулеметі жойылды. Дұшпаннан 100ден аса адам қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде бөлімдеріміз шабуылды кү-шейте отырып, дұшпанның бірсыпра қарсылық жасау тораптарын, оның ішінде ірі темір жол станциясын ал-ды. Дұшпан әлде күш және техни-касы жарылған аула шығынға ұны-раты.

Изюмнің оңтүстік жағында әскер-

леріміз дұшпанның қатты қарсылы-ғын жеңіп, немістердің бірсыпра ірі қарсылық жасау тораптарын алды. Әсіресе бір елді пункт үшін қатты ұрыстар болды. Н. құрамасының жа-уынгерлері дұшпанның 40қа жуық қарсы атакаларын тойтарып, елді пунктке басып кірді және көше ұрыстарының нәтижесінде оны ал-ды. Немістердің 900 солдатты мен офицері, 18 танкі, 3 бронемашинасы, өздігінен жүретін 4 зеңбірегі мен 12 дала зеңбірегі жойылды. Дұшпаннан 3 танк, 19 зеңбірек және басқа көп олжа қолға түсірілді. Бийікке орна-ласқан екінші бір тіректі пунктті ал-ғанда совет жауынгерлері 600 гит-лершілді қайратып, дұшпаннан танк-ті, 10 зеңбіректі, 300 велосипедті, көптеген оқ-дәрі мен түрлі соғыс жабдықтарын қолға түсірді.

Әуе ұрыстарында летчиктеріміз не-містердің 31 самоләтін атып түсір-ді.

Брянскі бағытында күшейтілген барлаушы топтарымыз белсенділік-пен қыймыл жасады. Бір учаскеде Н. бөлімінің бөлімшелері дұшпанның траншеяларына басып кіріп, қолма-қол шайқасуда бір рота гитлершіл-дерді жойды. Гитлершілдер айыры-лып қалған позицияларды қайтарып алуға тырмысып, қарсы атакаға ұм-тылды, бірақ нөсерлете жаудырыл-ған пулемет оғына тап болды. Неміс-тер тек өлідей ғана 200 солдатты

Авиациямыздың Унеча, Новозыбков темір жол тораптарына, Барвенково, Харцызскі Иловайское станцияларына және дұшпанның аэродромдарына шабуылы

25 августқа қараған түнде авиа-циямыз Унеча, Новозыбков теміржол тораптарында, Барвенково, Харцыз-скі және Иловайское станциялары-да немістердің әскер эшелондары мен соғыс складтарын бомбалады. Бомбалау нәтижесінде көп жерде өрттер шықты. Дұшпанның 10нан аса складиры өртелгендігі және көптеген құны аз ызырлар болғанды-ғы байқалды.

мен офицерінен айырылып, тосып-дап кері шегінді.

Летчиктеріміз әуе ұрыстарында күн тәулік ішінде дұшпанның 22 самоләтін атып түсірді.

Ленинград майданында мергенде-ріміз 140 гитлершілді қырып салды. Сержант Иванов пен қызыләскер Рахинов күн тәулік бойына аңдып, 7 немісті өлтірді. Сержант Кожевни-ков жаудың екі мергенін жойды. Совет артиллеристері мен миномет-чиктері дұшпанның 26 атыс бекіні-сін, 19 блиндажы мен 7 бакылау пун-ктін қыйратты.

Авиациямыз Баренцово теңізінде дұшпанның күзет кораблін суға ба-тырып, транспортын зияндады.

Витебскі облысындағы аудандар-дың бірінде қыймыл жасаушы парти-зан отряды августа немістердің 5 әскер эшелонын құлатты. Оқ-дәрі тиелген 70 вагон, қару-жарақ бар 4 платформа жойылды. Осы отрядтың партизандары темір жол станциясы-на өтіп, жанармай құйылған 3 цис-тернаны талқандады.

Харьков облысының Стрелечье се-лосында неміс-фашист қанішерлер-дің істеген сұрапыл айуандықтары туралы төменде акті жарияланады: «1941 жылғы ноябрьдің бас кезінде немістер Стрелечье селосын алды. Олар алғашқы күндерін өзінде Стре-лечье психиатри ауруханасының азық-түлік запасын талап алып, ау-руларды ашығып өлуге дұшар етті. 21 ноябрьде ауруханаға гитлершіл-дердің отряды келді. Неміс автомат-чиктері ауруларды 10 адамнан топ-тобымен траншеялардың жанына алып келіп, сол жерде оларды атып өлтірді. Өздері жүре алмайтын ау-руларды немістер зорлықпен жүргі-зіп, оларды орларға тастап өлтірді. Дәрменсіз науқас адамдарға фашист-жендеттердің істеген қанішерлік жауыздығы екі күн бойына созыл-ды. Гитлершіл жауыздар барлығы 435 адамды, оның ішінде 180 еркек пен 255 әйелді өлтірді. Фашист кісі-өлтіргіштер аурухананы талқандап, 1500 одеялды, 3000 простинаны, 4000 пар ішкіімді, 500 кроватті же-не басқа көптеген мүлікті алып кет-ті». Актіге қол қойғандар: аурухана-ның бас дәрігері М. Головкин, сани-таркалар М. Шевченко, Л. Цимбул, П. Байдукова, Е. Сарага дәрігерлер А. Кузменко, А. Красиова, медици-на сестрасы В. Калмыкова.

Облыстық Совет аткомы мен ҚК(б)П обкомында

Егін жыйнауға алдыңғы қатарлыларға берілзін сый-лықтың мөлшерін тағайындау туралы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комите-тінің «1943 жылы егін жыйнауға комбайнерлерге, трактористерге, ал-дыңғы қатарлы колхозшыларға сый-лық берудің тәртібі туралы» 9 авгус-тағы қаулысына сәйкес, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің ат-қару комитеті мен ҚК(б)П обкомы мына мөлшерде сыйлықтар тағайы-нады:

колхозшылар мен эвеношылар үшін—3744 сыйлық, трактор және дала бригадаларының бригадирлері үшін—103, колхоз председателдері үшін—32, комбайнерлер мен трак-тористер үшін—346 сыйлық.

Облыстық Советтің атқару коми-теті мен ҚК(б)П обкомының бюро-сы тағайындалған мөлшерде сыйлық-тар әзірлеп, бұларды аудандарға не-нелтуге облыстық тұтынушылар ке-ңесін міндеттеді.

Алдыңғы қатарлы аудандарда сый-лықтардың егін жыйнау кезінде дер-кезінде тапсырылуын қамтамасыз ету және алдыңғы қатарлылардың іс үлгісін облыстық, аудандық, жа-бырға газеттері мен радиоға кеңінен жариялап, жазу аудандық Советтер-дің атқару комитеттеріне, ҚК(б)П аудандық комитеттері мен жер о-пандарына тапсырылды.

Егін жыйнауға алдыңғы МТСқа облыстық Советтің атқару комитеті мен ҚК(б)П обкомының ауыспалы Қызыл туын тапсырды.

Облыстық Советтің атқару коми-теті мен ҚК(б)П обкомының 1943 жылғы 23 августағы қаулысы

Комбайн паркінің егін жыйнау ба-далғаннан 20 август дейін істеген жұмысы жөнінде облыстық жер бө-лімінің тапсырған материалын қарап, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті мен ҚК(б)П обкомының бюросы қаулы етеді.

1. Облыста 15 футты әрбір комбайн мен өте өнімді жұмыс істеген на-лобин МТСна (директоры: Горохов колдас) облыстық советтің атқару комитеті мен ҚК(б)П обкомының ауыспалы Қызыл туы тапсырылсын.

2. Аудандық партия комитеттері мен аудандық Советтердің атқару комитеттері комбайнмен егін жый-нау жұмысының қарсылығын, барған сайын күшейту және облыстық Со-вет аткомы мен ҚК(б)П обкомының ауыспалы Қызыл туына не болу үшін комбайнерлер, трактористер арасында жұмысты күшейтуге мін-деттелсін.

3. Қызыл туы тапсыру үшін МТС-қа бару облыстық Совет аткомының мүшесі Штифанов жолдасқа тапсы-рылсын.

Облыстық Совет аткомі прадседа-телінің орынбасары А. БРЕУС. ҚК(б)П обкомының секретарі В. НИКОЛАЕВ.

ЕГІН ЖЫЙНАУДА САЯСИ-КӨПШІЛІК ЖҮМЫСТАРЫ

СРС Халык Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталык Комитеті 13 жылды егінді жыйнау және шаруашылык продуктыларын шыдау туралы каулысында шар, совет және жер органдарынын, колхоздардын, совхоздар мен МТС дин міндеттерін аса айкын сурет берді, егін жыйнау жұмыстарын жымдастырудың барлык маселелері жауап берді. Селодағы саяси көплік жұмыстарынын барлығы казір каулыны кеңінен түсіндіріп, ойдағыдай орындауға бағындылуы керек.

Әсіресе егін жыйнауда көпшілік аси жұмыстарын үгітші кадрларын жайтканда ғана жақсы жолға қою болады. Деревня қаланын, партия ымдарынан елеулі көмек күтеді, ланын партия ұйымдары колхоз-рға көптеген үгітшілер мен пропа-ндистер жіберуі керек. Бұл жөнде юсква облысы партия ұйымдары-ың жұмысы айрықша көзге түсер-к. Быйылғы жылы қалалардан кол-оздарға 3.000нан аса коммунистер іберілді. Оның үстіне көптеген үгіт-істерді аудандык партия активінің, расынан асқандык партия комитет-ерінің өздері жіберді. Мұның нәти-жесінде казір әрбір бригада да дер-ік үгітші бар.

Партия ұйымдарынын, селодағы коммунистер мен үгітшілердің мінде-гі әрбір колхозшынын, саналылығын бүрынғыдан да жоғары көтеру, әр-бір колхозшынын неміс баскыншы-ларға қарсы белсенді күресуші бо-луына көмектесу болып табылады. Бұл үшін деревняда саяси информа-цияны жақсы жолға қою керек. Со-веттің әрбір адамы майдандағы жө-не еліміздегі оқыйғаларды партия мен үкметтің қаулыларын білетін ету керек. Мұндай информацияны, маңызды түрлерінің бірі казіргі со-ғыс және саяси оқыйғалар туралы аудандык және облыстык басшы қызметшілердің баяндамалары қо-йылған колхозшылардың жыйылысы болып табылады.

Соғыс, саяси және халықаралык жағдайларды дұрыс түсіну үшін үгітшілеріміз бен пропагандистеріміз Сталин жолдастың, «Советтер Сою-зынын ұлы отан соғысы» деген кіта-бын жетік үйренулері керек. Ста-лин жолдастың соғыс күндеріндегі сөздері мен бұйрықтары жау-ды кеңіп шығуда совет халқының іс-программасы болып табылады. Сталин жолдастың кітабынан үгіт-шілер мен пропагандистер біздің елі-міздің саяси, соғыс және халықара-лык жағдайы жөніндегі барлык ма-ңызды маселелерге айкын жауап та-ба алады, бұл кітапты үйрену үгітші-теріміз бен пропагандистеріміздің, өз әңгімелерін дұрыс және терең маз-мұнды етіп құруына, еңбекшілердің сұрақтарына дұрыс, иландырғыш жа-уап беруіне мүмкіндік береді. Пар-тия ұйымдары мен үгітшілер Сталин жолдастың кітабы мен колхозшы-ларды, совхоздар мен МТС-тардың жұмысшыларын таныстыру жөнінде елеулі жұмыстар істеулері керек.

Букараға большевиктік ықпал жа-саудың маңызды құралы баспасөз болып табылады. Газет—букаралык

коллективтік үгітші және пропаган-дист, —миллиондаған оқушылардың қолына жетуге тиіс. Ал, шынында баспасөзді дұрыс таратпаудың көпте-ген фактылары кездеседі. Газеттер көбіне қалаларда, облыс және аудан орталықтарында қалып қояды. МТС тар мен колхоздарға көбіне бармай-ды. Газет тарату ол жай ғана жұ-мыс емес, ол партия органдарынын қолында болуға тиіс. Газеттердің не-гізгі көпшілігін колхоздарға, брига-даларға, егіс қостарына жіберіп, бу-кара арасындағы саяси жұмысқа пайдалану керек. Барлык қалалар мен аудан орталықтарында оқылған орталык және жергілікті газеттерді жыйнауды ұйымдастырып, оларды деревняға жіберу керек.

Колхозшылар арасындағы көпші-лік жұмыста оқу үйлері, үлкен ма-ңыз алады. Оқу үйлері деревняның мәдени күштерін ұйымдастыра оты-рып, букаралык саяси жұмыстардың маңызды орталығы болуға тиіс. Бұл жөнде Свердлов облысындағы Ала-паев ауданының Армашевскі оқу үйіндегі көктемгі егіс кезіндегі жұ-мыс тәжірибелері өте көрнекті. Ол-өзінің жұмысын егіс қостарына кө-шірді. Далада қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарылып тұруы жолға қойылды. Көрсеткіштер тақтасы ұйымдастырылды, оларда колхозшылардың нормасын қалай орындағаны күн сайын ілініп тұра-ды.

Үгіт жұмысы түрлерінің арасында газет витриналары, оккупацияланған совет аудандарында фашистердің жасаған айуандықтары туралы сурет витриналары, кино фильмдерді ұйым-дасып қарау сыяқты жұмыс түрлері де бар. Радиоүзелдердің жұмысты жақсы істеуі казір айрықша маңыз алады. Саяси жаңалықтарды және майдандағы, тыл жұмысындағы ста-хановшылардың және алдыңғы қа-тарлы шаруашылықтардың табыста-рын айтатын материалдарды радио арқылы таратып отыру біздің газет-теріміздің жұмысын толықтырады және тәрбие жөнінде зор маңыз ала-ды.

Большевиктік үгіт пен пропаган-даның барлык түрлері мен әдістерін казір ССРС Халык Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталык Комите-тінің егін жыйнау және ауылшаруа-шылык продуктыларын дайындау ту-ралы қаулысын ойдағыдай орындау-ға букараны мобилизациялау үшін пайдалану керек.

Егін жыйнаудың табысты болуы МТС-тар мен колхоздардың барлык күш, құралын түгелдей ұқыпты пай-далана білуге, егінді машинамен ору-ды, қолмен істелетін жұмыстармен ұштастыра білуге байланысты. Егін жыйнауда комбайн зор маңыз ала-ды.

Чкалов облысының комбайнмен егін жыйнау мастерлері мен алдың-ғы қатарлы трактористері Советтер Союзындағы барлык трактористер мен комбайнерлерге хат жазып, егін жыйнауды мінсіз өткізу үшін Бүкіл-союздық социалистк жарыс ұйым-дастыруды ұсынды. Олар масакты егін жыйнауды 12—20 күнде өткізу-ге, егін жыйнау маусымында әрбір

«Сталинец» комбайнымен ең азы 700 және әрбір «Коммунар» комбайны-мен ең азы 500 гектар егін жыйнау-ға міндеттеме алды. Олардың па-триоттық бастамасын колхоз деревня-сы жаппай қостап отыр. Барлык ком-байнерлер мен трактористерді қатка-да және лобогрейкеде істейтін кол-хозшыларды, молотилка машинисте-рін, қолоракшыларды, егісті баулау-шыларды, астық тасушыларды со-циалистк жарысқа камту үгітшілер мен пропагандистердің міндеті. Жа-рысқа қатнасу—өндірісте үлгілі іс-теу деген сөз, міндеттемені орындау деген сөз. Үгітшілер жарыс нәтиже-лерін күн сайын қортындылап, жа-рысқа шығаруды қамтамасыз етуле-рі керек. Әр кім өз міндеттемесін қалай орындап келе жатқанын, кім алда келе жатқанын, кім артта қа-лып отырғанын бригада да үнемі талқылап отыру керек. Жарыстың барысын қабырға газеттері мен жа-уынгерлік листоктерде кеңінен жа-зып отыру керек.

Комбайнерлердің алған міндетте-мелерін орындау үшін күресте өткен жылы Қырғыз ССР-ының Буденный МТСы тамаша тәжірибе қолданды. Комбайнерлер өздерінің дала кора-бльдерінің бункерлеріне олар не үшін күресіп жатқанын жазды. Дұ-рысбек Мырзакиметовтің комбайнын-да мәселен: «500 гектар үшін және 250 килограмма жанар май үнемдеу үшін күресемін» деп жазылды. Бун-кердің екінші жағына санақшы күн сайын істелген жұмысты түсіріп отырды. Бұл еңбек тәртібін күшейт-ті, жұмысты жақсы ұйымдастыруға себепші болды.

Егін жыйнаудың басты міндеті егінді ысырапсыз, уақытында жый-нап алу болып табылады. Түсіп қал-ған дәннен және жерде қалып қой-ған масактан халық үшін керекті миллиондаған пұт астық шығатынын колхозшыларға түсіндіру керек. «Егін ысырабы болмауға тиіс,—деп жазды 1942 жылғы Калинин жолдас, егін жыйнауда ысырапқа жол беру бұл еліміз үшін аса ауыр күндерде отан мүддесіне нұқсан келтіргендік болып табылады, Қызыл Армияның ту сыртынан пышақ салғандық бо-лып табылады».

Үгітшінің міндеті—колхозшыларды жұмысты сапалы істеуге жұмылды-ру, дән ысырапқа ұшырайтын саны-лаудың барлығына жол берілмеуіне жетісу болып табылады. Бұл істе ең кішкентай нәрселерден қандай үлкен нәрселер шығатынын көрсету керек болады.

Дән тұтқыштар қызын жабыдық емес, ал егер елімізде істейтін бар-лык егін жыйнау машиналарына дән тұтқыштар орнататын болсақ онда миллиондаған пұт астық ысыраптан сақталады.

Саяси үгіттен оның нақтылы бо-луы және іскер болуы талап етіледі. Үгітші кемшіліктерді ашып, ол кем-шіліктер мен бітіспейтін сезім туғы-зуы керек. Бригадаларда, комбайн аг-регаттарында, колхоздарда жұмыс-тың мұқият және бір қалыпты істе-луін жүзеге асыруы керек. Колхоз-дың, совхоздың, МТС-ының жұмысын дағы дәлдік пен бір қалыптылық

бұл міндеттемелерді ойланып тұрып бөліп алу, темірдей берік тәртіп жө-не ұйымшылдық, жұмыс күнінің әр-бір минутын, барлык машиналарды түгелдей, барлык күш көлігін толык пайдаланған жанкыярлық еңбек, өн-дірістің барлык тарауларында қазан тәртіп, егін жыйнау мастерлерінің жас кадрларға жолдастық көмегі және кең өріс алған социалистк жа-рыс. Мұның бәрі егін жыйнау нау-қанын және астық дайындау жұ-мыстарын ойдағыдай өткізуді қамта-масыз етеді. Бұл міндетті орындауға кесел жасайтындарға қарсы батыл күрес жүргізу керек. Жалқауларға, еңбек дисциплинасын бұзушыларға қарсы, жауға қарсы күресте бізге кесел келтірушілер ретінде жұртшы-лык пікірін туғызып, букараны олар-ға қарсы қоя білу керек. Колхоздар да сондай-ақ брак жасаушылыққа және егіске, машинаға немқұрайды қараушылыққа төзбейтін жағдай жа-сау керек.

Өткен жылы Пенза облысы Сер-добскі ауданындағы Камзолки село-сында істейтін үгітші Надежда Ко-лосова жолдас көрнекті агитация-ның тамаша үлгісін көрсетті. Бір зве-ноның участкесінде егінін ысырап-қа ұшырағанын көріп, Колосова жол-дас егіс қосына плакат жазып ілд. Ол плакатта бұл звено өз участке-сінде «Әрбір шаршы метр жерде 8 масактан қалдырады. Бір гектар жердегі ысырап 80 килограмма ас-тыққа жетеді, егер біздің бәріміз жұмысты осылай жаман істесек кол-хоз 480 центнер астықты ысырап жа-сайды» деп жазылды. Бұл жағдай жұмыстың сапалы болуына колхоз-шылардың назарын аударды. Олар егін жыйнау жұмысының барлык түрлерінде жұмысқа мұқият қарай-тын болды.

Үгітшінің міндеті—адамдарды өзі-нің жеке үлгісімен, большевиктік сө-зімен стахановтык жұмысқа, егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізуге бастау болып табылады. Барлык жұ-мыстарды егін оруды, бау байлау-ды, маялауды және астық бастыру-ды, уақытында сапалы етіп өткізу—астықты ысыраптан сақтаудың ең басты шарты.

Үгітші адамдарды мемлекет мүд-десі үшін күш жұмсау рухында, кол-хозшылар өзінің бірінші парызын ас-тық және басқа продуктылар тапсы-ру жөніндегі міндеттемені аброймен орындауын жүзеге асыру жолында тәрбиелеуі керек. Мемлекеттік да-йындық пункттеріне астық тасу жұ-мысын ССРС Халык Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталык Комите-ті талап еткендей егін жыйнаудың бі-рінші күнінен бастап ұйымдастыру керек. Астық дайындаудың табысты болуы үшін егінді кезінде бастыру, астықты тазартып, кептіру, оны жо-ғары кондицияға жеткізу зор маңыз алады. Бұл жұмыстарды жүргізуге, астықты тасу ісіне үгітші үнемі кө-ңіл бөліп отыруы керек.

(Жалғасы 4-бетте).

Егін жыйнауда саяси-көпшілік жұмыстары

(Басы 3-бетте).

Егістің тағдыры шешіліп жатқан әзге бірде бір адам қоғамдық еңбекке белсене қатнарудан сырт қала алмайды. Өткен жылы үгітшілер: норманы орындағанша егін басып кетпе» деген ұран көтерді. Бұл рол қолхозшылардың арасында айықша маңыз алды. Мұндай ұранның, әзірде қолданылуын және егін жыйнауда істейтін әрбір адам үшін ереже, заңға айналуын жүзеге асыру әрегі.

Үгіт ұқыпты жүргізілгенде қандай нәтижелер алатынын Краснодар өлкесі асурий МТС-ндағы партия ұйымының көктемгі егістегі жұмыс тәжірибесі айқын көрсетіп отыр.

Бұйылғы жылдың көктемінде «Коммунар» колхозының бір бригадасында тұқым жоқ болғандықтан астық жоқ, сондықтан планды орындау мүмкін емес деген қортынғыға келді. Алайда, коммунист — Үгітші Агапия Прохорова Царенок іс планының орындалмай қалушылығымен желіспеді. Үгітші бригаданың колхозшыларды жыйнап, кешегі майданнан алынған хатты оқып, оған аз ғана көңіл бөлуді сұрады.

«Қымбатты жолдастар, — деп жалынған майданнан, — біздің бөліміздің жауынгерлері мен командирлері ынан өзіміздің жерлерімізге қарғыс атқан гитлершіл бандиттерден азат етілуге байланысты жалын-ы күттықтау тапсыруға рұқсат етіздер. Сондай-ақ майдандағылар әсері аңтты аброймен орындап жатқанын, жауға қарсы батырлықпен, қаһармандықпен күресіп жатқанын, не фашист басқыншыларды талқан-ып құртып жатқанын хабарландар. убаныда фашистер салған жараның алай жазылып жатқанын, біздің жерлеріміз көктемгі егісте жұмысты қалай істеп жүргенін, бүкіл өлет жерін гитлершілдердің қалың алынан тез азат ету үшін күресте айданға, Қызыл Армияға қалай көмектесіп жатқанын бізге жазыңдар. 32 жауынгерлер мен командирлер-

дің тапсыруы бойынша старшина В. Про, аға сержант Д. Петровский, қызыл әскер Н. Шаповалов».

—Майдандағы жерлерімізге қандай жауап жібереміз? деп сұрады Царенок жолдас хатты оқып болған соң, —неғып ұялмай: «Бізден көмек күтпендер, өзіміз шаруашылықты басқара алмай отырмыз, сіздер қанмен жуып күресіп, немістерден тазартқан жерге егін салынбай қалады» деп жазамыз.

Адамдар дереу өзгеріп кетті.

—Царенок жолдас сен не айттың тұрсың? Майданға осылай жазуға болама. Колхозшылар осы жерде-ақ өз запастарынан астық жыйнауға ұйғарды. Мұның нәтижесінде бригада көктемгі егіс планын орындады және отан қорғау қорына планнан тыс 4 гектар егіс салды.

Бүкіл үгіт жұмысы осындай пәрменді, жауынгерлік мазмұнда болуы керек. Жуырда колхоздар мен МТС тардың 1943 жылғы Бүкіл-Союздық социалистік жарысының алғашқы қортындылары жасалды. Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Ауыспалы Қызыл туын тапсыру жұмысы ауыл шаруашылық жылының ақырында егін жыйнаудың қортындысына, мемлекет алдындағы міндеттемені үкмет пен партияның тағы басқа тапсырмаларын орындау нәтижелеріне қарай жүргізіледі. Бұл жұмыстарды үлгілі өткізуге жарысқа қатнасушылардың жігерін жұмсау керек.

Орел мен Белгородты азат ету жолындағы операцияларға қатнасқан Қызыл Армия әскерлеріне алғыс айтқан Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдасын, бұйрығына жауап ретінде социалистік егін шаруашылығының қызметшілері жауды толық жеңіп шығу жолында бұрынғыдан да жанықтарлықпен еңбек етуге міндеттеме алады. Егін жыйнауды үлгілі өткізу, ауылшаруашылық продуктыларын дайындау жолындағы планды орындау шабуыл жасап бара жатқан Қызыл Армияға колхозшылардың ең жақсы көмегі болып табылады.

И. АНИСИМОВ.

Харьковті азат еткен айбынды әскерлерімізге Москва Отанымыздың атынан хұрмет көрсетті

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдасын бұйрығы бойынша, Отанымыздың астанасы Москва, Харьковты азат еткен айбынды жауынгерлерімізге 23 августа Отанымыздың атынан хұрмет көрсетті.

Дәл 21 сағатта 224 зеңбіректен бір дүркін алғаш рет оқ атылды. Оған ракеталар мен оқтардың жауымен, зеңбіректерден атылған оқтардың ұшқынымен жарқырап кетті. Әрбір 15 секунд сайын 20 дүркін оқ атылды, бұған қоса зенит пулеметтерінен оқ атылды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Бастауыш, орталау және орта мектептерде жаңа оқу жылының басталу мерзімі тағайындалды.

1—4 класстарда оқу 1 сентябрьде,

5-класстан бастап 10ға дейін жоғарғы класстарда—1 октябрьде басталады.

(ТАСС).

Өнеркәсіп орындарында

ЖАҢА ЖІГЕР

Молотов атындағы заводтың жұмысшылары мен инженер, техник қызметкерлері Украинаның екінші астанасы—Харьков қаласын азат еткен майдандастардың ірі жеңістеріне еңбек ерлігімен жауап беруде. Цехтар мен бригадалар, жеке жұмысшылар Харьков дивизияларының атындағы стахановтық вахтаға тұрып, еңбек үлгісін көрсетуде.

Мастер Волков жолдасын басқаруындағы сменаның коллективі тамаша нәтижеге ие болды. Олар Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованыесінің дербес қорына арнап айлық программаның 30 проценті мөлшеріндегі продукция жасап шығаруға міндеттеме алған болатын. Коллектив бұл міндеттемені аброймен орындады. Стахановшылар токарь Вишне-вский, слесарь Тяченко жолдастар іс үлгісін көрсетуде. Харьков дивизияларының қаһармандық жеңісіне жауап ретінде Вишне-вский жолдас өндірістік тапсырманы 500 процент, Тяченко жолдас 450 процент орындады.

Қожник жолдасын басқаруындағы комсомол-жастар бригадасы жаңа жігермен жұмыс істеуде. Бригада мүшелері еңбек өнімділігін 250 процентке жеткізді.

А. СЕГІЗБАЕВ.

Тапсырма артығымен орындалуда

Харьков дивизияларының тамаша жеңісі Петропавл вагон учаскесінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерін жаңа табыстарға жігерлендірді. Сердюк жолдас мастер болып істейтін дөңгелек жасау цехының коллективі еңбек өнімділігін неғұрлым молайтуда. Цех коллективі продукция өндірудің айлық программасын 25 августқа дейін 122 процент орындады. Стахановшы-токарь, медальді Матвеев жолдас бұл күндері зор табысқа жетті. Ол Харьков дивизияларының атындағы еңбек вахтасына шығып, еңбек өнімділігін 435 процентке жеткізді. Матвеев жолдас пен социалистік жарысқа түскен Васильев жолдас бір сменада 4 норма орындап жүр.

Бұл күндері жұмысшы әйел Забеева, темір ұстасы Прыдков және басқа жолдастар да өнімді еңбек істеуде. Олар тапсырманы үнемі 450—500 процент орындайды.

Қ. БОРАНБАЕВ.

БАТЫРДЫҢ СЕМЬЯСЫНА НАГРАДА ТАПСЫРЫЛАДЫ

Жамбыл облысы Көктерек ауданының «Семисозак» ауыл шаруашылық артелінің мүшесі, фашист бас қыншылармен күресте ерлікпен қаза тапқан Тасманбай Қырғызбаев болған Н. құрамасының делегациясы келді. Делегация данкты жауынгердің семьясына отан соғысының бірінші дәрежелі орденін тапсыру үшін Фурмановка селосына жүріп кетті.

ОДАҚТАСТАР АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЙМЫЛЫ

ЛОНДОН, 23 август. (ТАСС). Бомбашы авиация самолеттерінің өткен түнде Рейн облысындағы объектілерге, оның ішінде Кельннің солтүстігіне таман Леверкузендегі химия заводтарына атака жасағандығы ресми түрде хабар етілді. Истребительдік авиацияның самолеттері дұшпанның Франция мен Бельгиядағы темір жол объектілері мен аэродромдарына атака жасаған.

Леверкузенде «И. Г. Фарекиндустри» концернінің ірі химия заводтары, болат қорытатын заводтар, механикалық мастерскойлар, взрыв жасайтын заттар өндірілетін заводтар және тоқыма фабрикалары бар.

22 августқа қараған түнде одақтастар самолеттері Кротондағы (Оңтүстік Италия) поездарды сұрыптайтын станцияны бомбалаған.

Одақтастар авиациясының Италияға шабуылы

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Ресми хабарға қарағанда, Америка авиациясы кеше Баридегі (Оңтүстік-Шығыс Италия) аэродром мен сұрыптау станциясын бомбалаған. Әуе соғысында 28 самолет атып түсірілген.

Ағылшын самолеттері Ровендагы Ливододағы казарманы бомбалаған.

Ағылшын бомбардиров-рінің Берлинге шабуы

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Авиация министрлігінің хабары бойынша, 24 августқа қараған ағылшын бомбардировщиктерін ірі құрамасы Берлинге атака жасаған. Шабуыл ауа райы ашық күні жасалған. Алдың-ала қолда бар мәліметтер бомбалаудың өте күшті болғандығын көрсетеді. Нысанаға жетер жолда және нысана үстінде дұшпанның көптеген истребительдері жойылған.

Германияның аэродромдарына және оның оккупациялаған территориясына шабуылдар жасаушы истребительдік авиация Берлинге жасалған шабуылға жәрдемдескен.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Петропавлдың өндіріс комбинатына түпкілікті жұмысқа тері илеушілер, тон тігушілер, ағаш ұсталары, етікшілер, темір ұсталары мен балға соғушылар, бас киім тігушілер, және гончар ыдыстарын жасау жөнінде мамандар КЕРЕК.

Адрес: спирт заводының жанындағы элеватор мүйісі.

ДИРЕКЦИЯ.

«УДАРНИК» кино театрында 20 августтан бастап және күн сайын

«КОЛГА ТҮСПЕЙТІН ЯН» деген көркем суретті үнді жаңа фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 4-6-8-10-да басталады.

Петропавлдың жерге орналастыру техникуміне түпкілікті жұмысқа үлкен бухгалтер, есепші, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, атшы және үй сыпырушы КЕРЕК. Бухгалтер мен атшы және үй сыпырушы пәтер үймен камтамасыз етіледі.

Адрес: Октябрь алаңы, жерге орналастыру техникумы.